



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22 ақпан 2021 жылғы №22

Орал қаласы

город Уральск

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан  
облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын  
коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін  
бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысының 2021 жылғы 17 ақпандағы №19 «Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық меншіктегі ұйымдардың тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы», «Батыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемелері, Ақжайық, Бөкей ордасы, Бөрлі, Казталов, Жаңақала, Жәнібек, Бәйтерек, Қаратөбе, Сырым, Теректі, Тасқала, Шыңғырлау аудандары және Орал қаласының әкімдіктері осы қаулыны жүзеге асыру жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары А. А. Нұралиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Ғ. Есқалиев



Батыс Қазақстан облысы бойынша бәсекелес ортаға беруге жататын коммуналдық  
меншіктегі ұйымдардың тізбесі

| Р/с | Ұйымның атауы   | Бәсекелес ортаға берілетін мемлекеттік қатысу үлесінің мөлшері, % | Іске асыру мерзімі |
|-----|---|---|--------------------|
| 1.  | «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                        | 100%  | 2025 жылы          |
| 2.  | «Батыс Қазақстан электр желілерін таратушы компаниясы» акционерлік қоғамы                                 | 100%  | 2022 жылы          |
| 3.  | «Жәнібек сәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 100%  | 2021 жылы          |
| 4.  | «Жайықжылукуат» акционерлік қоғамы  | 100%  | 2022 жылы          |
| 5.  | «Орал құрылыс жөндеу сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 100%  | 2022 жылы          |
| 6.  | «Атамекен жайық» микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                   | 49%   | 2021 жылы          |
| 7.  | «Жымпиты-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 100%  | 2021 жылы          |
| 8.  | «Қаратөбе - 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 100%  | 2021 жылы          |
| 9.  | «Теректі-үй жөндеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 100%  | 2021 жылы          |
| 10. | «Жаңғырту 2013» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 100%  | 2021 жылы          |
| 11. | «Қамыс-самар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 100%  | 2021 жылы          |
| 12. | «Ақсай жаңғырту» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі   | 100%  | 2022 жылы          |
| 13. | Ақжайық ауданы әкімдігінің «Игілік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                                  | 100%  | 2021 жылы          |
| 14. | Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің «Достастық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі       | 100%  | 2021 жылы          |
| 15. | Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің «Қалатас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі          | 100%  | 2021 жылы          |
| 16. | Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің «Казталов-сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | 100%  | 2021 жылы          |
| 17. | «Жаңғырту 2012» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  | 100%  | 2021 жылы          |
| 18. | «Батыс Қазақстан облысының тұрақтандыру қоры» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі                        | 90%   | 2023 жылы          |

